

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Салауатты өмір салты» тақырыбында тәрбие сағаты өтті

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.02.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/149056/>

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде «Тұрақты даму мақсаттары» жобасының аясында Филология факультеті, Шетел филологиясы және Аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен Шетел филологиясы мамандығының 1-курс магистранттары Айдарқұлова Ш.А., Алуақас З.Е. және аға куратор Байелі Ә.Ж. мен топ әдвайзері Төреханова Р.А. «Тұрақты даму мақсаттары» жобасының аясында “6B02304-Аударма ісі” мамандығының 1-курс студенттерімен «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық тәрбие сағатының мақсаты: жастарға салауатты өмір сүру салтын насихаттау. Ашық тәрбие сағаты интерактив түрінде өткізілді. Сабақ барысында студенттер өз ойларын ашық жеткізіп, белсенді қатысты. 2 топқа бөлініп денсаулыққа әсер ететін жақсы және жаман әдеттер туралы кластер жасап, қорғады, жаңа технологиялардың көмегімен түрлі интерактивті тапсырмалар орындады. Сонымен қатар, студенттерге 2024 жылғы 1 наурыздан бастап Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай уақыт белдеуінің белгіленуінің адам денсаулығына әсері туралы пайдалы ақпараттар берілді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.